www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№11 /sársenbi/ 19 naýryz 2025

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ТЕЗИСТЕР

Биылдан бастап барлық аудан әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды.

Салық жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды.

Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық. Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс.

Билік бизнеске қолдау көрсетіп келді, көрсете де береді. Үкіметтің және жалпы биліктің қолдау шараларының игілігін, бірінші кезекте, адал әрі жауапты, ең бастысы, заң аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлер көруге тиіс. Олар тиісті артықшылыққа ие болады.

Қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейіп кетті. Жалған мәлімет таратушылар да бар. Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жолын қарастыру керек.

Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ.

Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды.

Соңғы кезде ел ішінде түрлі алаяқтық әрекеттер жиілеп барады. Теріс пиғылды адамдар қайырымдылыққа деп ақша жинап, оны жеке басының пайдасына жаратады.

Бұдан бөлек, қазір жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтар мен «коучтар» көбейіп кетті. Оларға сеніп, алданып қалғандар көп. Маған бұл туралы көптеген шағым түсіп жатыр. Жауапты органдар бұл мәселені де назарға алуға тиіс.



Кино маңызды идеологиялық құрал екенін бәріміз жақсы түсінеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрларға шығармас бұрын алдын ала сараптаудан өткізу жолдарын қарастырған жөн.

Қазақ тілінде ұлттық нақышта түсірілген осындай мультфильмдер көп болуы қажет.

«Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын. Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек.

Кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс.

Сарапшылардың айтуынша, біраз жылдан соң солтүстіктегі халықтың саны едәуір азайып, оңтүстіктегі тұрғындар әлдеқайда көбеюі мүмкін. Бұл – өте өзекті мәселе. Себебі аймақтардың еңбек нарығында теңсіздік одан әрі ушыға түседі деген сөз. Осы мәселемен Үкімет мұқият айналысуы керек.

«Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн. Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың тиімділігін арттыру үшін қазіргі заманның талаптарына сай келетін жеке заң керек.

Мекемелік марапаттардың бірыңғай стандартын және тізімін жасау қажет. Құзырлы органдарға осы шаруаны қолға алуды тапсырамын.

Біздің көрнекті тарихи тұлғаларымыз ұлықтауға әбден лайық. Сөз жоқ. Олардың есімін ел жадында сақтау – перзенттік парызымыз әрі жалпыұлттық болмысымызға тән қасиет.

Өткен заман қайраткерлерінің атын ел жадында сақтау мәселесіне мейлінше салмақты көзқараспен қараған жөн. Қалалар мен көшелердің атауынан халқымыздың төл тарихы көрініс табуы қажет.

Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе, Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды.

Бет-жүзді тұмшалайтын қара киімнен гөрі өзіміздің ұлттық киімдеріміз әлдеқайда артық. Әсіресе, әйелдердің дәстүрлі киімі өте ғажап көрінеді. Себебі ұлттық киім, бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі. Оны жан-жақты дәріптеуіміз керек.

Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуы тиіс. Бірқатар елде, мысалы, Қытай, Түркия, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде осындай орталықтар ашылатын болды.

Ұлттық цифрлық мұрағат құрып, оны еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік беру керек.

(Жалғасы 4-бетте)

## ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ ҚОСЫМША ӨКІЛЕТТІКТЕРГЕ ИЕ БОЛДЫ

2025 жылғы 10 қаңтарда Президент уәкілетті органға 157-бап «Көрінеу жалған жарнама», 190-баптың бірінші бөлігінде қарастырылған «Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, таразыдан жеуі, есептен жеуі, тұтынушыларды тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) тұтыну қасиеттеріне немесе сапасына қатысты жаңылыстыруы немесе өзгедей алдауы» бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға өкілеттік беру бөлігінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу туралы Заңға қол қойды.

ҚР СИМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбековтің айтуынша, осы баптар бойынша көптеген құқық бұзушылықтар тіркелген, ал анықтау және әкімшілік жауапкершілікке тарту жағдайлары болмаған.

«Осы нормалар қабылданып, функциялар уәкілетті органға берілгенде, бұл норма нәтижесін береді», - деді спикер ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында.

Бұдан басқа, ӘҚБтК-нің 190-бабының бесінші бөлігіне өзгерістер енгізілді. Өзгерістер сатушының байланыс деректерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру бойынша, тауарды айырбастау немесе қайтаруды қамтамасыз ету, шағымға жазбаша жауап беру жөніндегі заң талаптарын орындамауына қатысты 190-баптың бесінші бөлігіне қатысты болды.

Комитет төрағасының айтуынша, құқық қолдану тәжірибесі осы бап бойынша жазалар санының 49-дан 1306 дейін өскенін көрсетті.

«Алайда ескерту түріндегі жұмсақ әкімшілік жазалау жазаның бұлтартпастығы қағидатын орындамады, осыған байланысты «ескерту» «айыппұлға» ауыстырылды», - деді Асқар Тынысбеков.

**Астана.**

## ЭЦҚ ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАҒАНДАР ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАДЫ

Есеп беру кезінде ЭЦҚ-ны айыппұл төлемей қолданудың мынадай тәсілдері ұсынылған:

Рұқсат сенімхатын рәсімдеу;

Есептілікті басшының өзі тапсыруы.

Заң талаптары бұзылмас үшін заңды және жеке тұлғаларға ресми сенімхат рәсімдеуі керек.

«Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, заңды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын тұлға осы заңды тұлғаның қызметкеріне немесе оның тағайындаған тұлғасына (соның ішінде аутсорсингтік ұйымдарға) электрондық құжатқа қол қою құқығын бере алады», – делінген хабарламада.

Ал жеке кәсіпкерлер қол қою құқығын беретін сенімхатты есепшіге немесе басқа уәкілетті тұлғаға нотариустың куәландыруымен рәсімдей алады. Бұл орайда әрбір жеке кәсіпкер тек өз атына алған ЭЦҚ-ны пайдалануы керек.

Министрлік мәліметінше, бұл сенімхаттар тиісті мемлекеттік органдарда тіркеледі.

Есепті басшының өзі тапсыруы керек

Екінші тәсіл арқылы есеп бергенде, ЭЦҚ-ны басшының өзі пайдаланады. Министрлік басшыларға есептілікке өз бетінше қол қоюды ұсынады. Өйткені бұл тәсіл ең сенімді және ЭЦҚ-ны пайдалану кезінде жеке жауапкершілік қағидатын сақтауға кепілдік береді.

Сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар өздеріне тиесілі ЭЦҚ-ның заңсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында қауіпсіздік шараларын сақтауы керек. Тиісті шаралар қабылдамаған тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік көзделген.

«Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қол қоюшы тұлғаның өз қолымен қойған қолымен тең дәрежеде танылады және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және ЭЦҚ туралы заңнамасының талаптары сақталған жағдайда бірдей заңдық салдарға әкеледі», – деп ескертеді министрлік.

Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін басқа тұлғаларға заңсыз бергендерді жауапкершілікке тарту туралы норма 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Ал ЭЦҚ-ны бөтен адам пайдаланғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті көздейтін норма 2025 жылдың 13 наурызында күшіне енді. Бұл норма аутсорсингте істейтін бухгалтерлік компаниялар мен жекелеген есепшілер үшін айтарлықтай қиындық туғызатыны айтылған.

Жалпы бөтен адамның ЭЦҚ-сын пайдаланғаны үшін қарастырылған айыппұл көлемі келесідей:

жеке тұлғалар заң талаптарын бұзса, 50 АЕК – 196 600 теңге;

шағын кәсіпкерлік субъектілері заң талаптарын бұзса, 1100 АЕК – 393 200 теңге;

орта кәсіпкерлік субъектілері заң талаптарын бұзса – 150 АЕК – 589 800 теңге;

**«Айғақ»-ақпарат.**

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТ КОДЕКСІНЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

Кодекстің **бірінші блогы** мемлекеттік қаржы туралы ережелерге сай салық-бюджет, ақша-несие және фискалды саясатты байланыстыруға бағытталған.

**Екінші блок** мемлекеттік органдардың дербестігі мен жауапкершілігін арттыра отырып, бюджет процесін оңтайландырды. Бюджет процестерінің мерзімдері мен кезеңдері қысқартылды. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өкілеттіктері мен жауапкершілігін едәуір кеңейту есебінен блоктық бюджет элементтері енгізілді.

Мемлекеттік органдарға бюджеттік бағдарлама шығыстарының 15 пайызы көлеміндегі қаражатты дербес басқару құқығы берілді. Мемлекеттік органдар биыл жұмсалмаған бюджет қаржысын келесі жылдың қаңтар айынан бастап пайдалана алады. Бұл шығыстарды үздіксіз қаржыландыруға мүмкіндік береді.

**Үшінші блок** парламенттік бақылауды күшейтуге арналған. Мемлекеттік кепілдіктерді, мемлекет кепілгерліктерін беру лимитін, үкіметтік борыш лимитін және жергілікті атқарушы органдар борышын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы қарыз лимитін Парламент қарастырып, бюджет туралы заңмен бекітеді.

**Төртінші блок** бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау сапасын арттыру және бюджет қаржысын тиімді пайдалану жөнінде пәрменді шаралар қабылдауды көздейді. Кодексте квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қатысты мемлекеттік дивиденд саясатының негізгі ережелері белгіленген.

**Бесінші блок** жинақ функциясына баса назар аудара отырып, Ұлттық қорды пайдалану шарттарын белгілейді. Ұлттық қорды пайдалану Президент бекіткен мақсатты бағдарлармен шектеледі. Қордың қаражатын ішкі қаржы құралдарына салуға рұқсат етілмейді. Бұл ақшаны бюджеттен тыс пайдалануға жол бермейді. Ұлттық қордың нысаналы трансферті тек жалпыхалықтық маңызы бар нысандар мен жобаларды қаржыландыруға ғана пайдаланылады. Ол үшін тиісті критерийлер енгізілді.

**Алтыншы блок** квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борышын қоса алғанда, мемлекеттік қарыз саясатына бақылауды күшейтуге бағытталды. Уәкілетті органдар мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелеріне болжау, мониторинг және бағалау жүргізу шараларын жүзеге асырады. Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борыш лимиті республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

Түзетулердің **жетінші блогы** бюджетаралық қатынастарды жетілдіре түсті. Азаматтарды бюджет қаражатын бөлу процесіне белсенді тарту үшін халық қатысатын бюджет тәртібі заңнамалық негізде бекітілген.

**Ақорда.**

# КӨКТЕМГІ КАНИКУЛДА НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАДЫ?



Үшінші тоқсанның аяқталуына санаулы күндер қалды. Көктемгі каникул кезеңі 2025 жылдың 21-наурызы мен 2025 жылдың 31-наурызын қоса алғанда он бір күнге жалғасады. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлайды.

Мектеп оқушыларының көктемгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу және жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында іс-шаралар жоспары жасалды. Сондай-ақ 1-4, 5-9 және 10-11 сынып оқушыларына арналған гайдбук әзірленді. Онда әр демалыс күні Наурызнаманың онкүндігімен байланысты және қоғамның маңызды аспектілеріне: отбасылық құндылықтарға, мәдениетке, ұлттық дәстүрлерге, қайырымдылыққа, спортқа мән берілді. Ол бойынша мектептерде бірқатар білім беру, спорттық, мәдени және шығармашылық іс-шаралар өткізу жоспарланған:

- театр фестивальдері мен қойылымдары;
- шеберлік сабақтары;
- қауіпсіздік сабақтары;
- мұражайларға, ғылыми орталықтарға және тарихи ескерткіштерге танымдық экскурсиялар;
- спорттық ойындар;
- қайырымдылық акциялары және басқа да шаралар.

Ең бастысы - балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы мақсатта ата-аналармен бірге жол-көлік жарақаттарының алдын алуға, мектептің ішкі тәртібін сақтауға, балалардың көшедегі қауіпсіздігіне, үйдегі өрт қауіпсіздігі және киберқауіпсіздікке ерекше назар аударылады.

Айта кетейік, бұл іс-шаралар білім беру ұйымдарына әдістемелік ұсыным ретінде жолданады.

# ОҚУШЫЛАР QR-КОДТАР АРҚЫЛЫ ЖАСЫРЫН ТҮРДЕ ҚОЛДАУ СҰРАЙ АЛАДЫ



2023 жылы Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөнінде кешенді жоспар қабылданды. Барлық өңірде балалар мен ата-аналарға кәсіби көмекке қол жеткізуді қамтамасыз ететін Психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Өткен жылы 250 мыңға жуық адам көмек алды. Бұл туралы ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан хабарлады.

Сондай-ақ спикер 24/7 режимінде жұмыс істейтін 111 бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы іске қосылғанын атап өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша балалардан 17 мың қоңырау түсті.

«2024 жылдың 1 желтоқсанынан бастап білім беру ұйымдарында оқушылардан QR-кодтар арқылы өтініштер қабылдайтын жүйе енгізілді. Бұл жасөспірімдерге жасырын түрде қолдау сұрауға мүмкіндік берді. 2025 жылғы ақпандағы жағдай бойынша балалардан 25 мың SMS түрткелді», – деді оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан.

Оның айтуынша, жұмыстың маңызды бағыттарының бірі жалпыға бірдей ата-ана тәрбиесі болды. Ата-аналардың құқықтық және педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында барлық мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары құрылды. Ата-аналар үшін 45 мыңнан астам тренинг өткізілді.

«Мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру үшін 2024 жылы Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бақылау өкілеттіктері кеңейтілді, тексеруге жататын объектілердің тізбесі ұлғайтылды, ескертусіз жоспардан тыс тексерулер тетігі енгізілді. Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша объектілерді тексеру саны артты: 2023 жылғы 30-дан 2024 жылы 246-ға дейін. Сонымен қатар балалардың құқықтарын бұзғаны үшін әкімшілік ықпал етудің жаңа шаралары енгізілді. Балалар интернаттық мекемелерін деинституттау саясаты жалғасуда. 2024 жылы балалар үйлеріне балама ретінде кәсіби отбасы қабылдау институты енгізілді. Жүргізіліп жатқан шаралардың нәтижесінде балалар үйінде тәрбиеленіп жатқан балалар саны соңғы 10 жылда екі есеге қысқарды», – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ Оқу-ағарту вице-министрі балалар үйінің түлектерін әлеуметтік қолдауға бағытталған «Мейірім» қайырымдылық акциясы ауқымды болғанын айтты. Сонымен қатар жетім балаларды тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа тетіктері енгізілді.

# ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛАР SIM-КАРТАСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ



Қазақстан Республикасы балалардың құқықтарын қорғауда халықаралық стандарттарды ұстанады. 2023 жылғы желтоқсанда Хабарлар рәсіміне қатысты Бала құқықтары туралы конвенцияға факультативтік хаттама ратификацияланды. Ағымдағы жылдың қаңтарында БҰҰ-ға мүше мемлекеттер елдегі адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарын нығайту, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қазақстандық реформаларға жоғары баға берді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша балалар суициді 14%-ға төмендеді. 2023 жылғы Балалардың әл-ауқат индексін талдау оң динамиканы көрсетті. Бұл балаларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижелілігін көрсетеді. ҚР оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан ОКҚ алаңында осылай деді.

Бүгінгі таңда балалардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті мәселелердің бірі балалардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

«Бұл барлық тараптардың: ата-аналардың, педагогтердің, мемлекеттік органдардың және балалардың өздерінің қатысуын талап ететін кешенді міндет. «Kazakhstan Kids Online. Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» зерттеу нәтижелері, әлеуметтік желілерге қолжетізуге 13 жастан асқан балаларға ғана рұқсат берілгеніне қарамастан, 9-10 жастағы балалардың 60%-ы және 11-12 жастағы балалардың 66%-ы өз аккаунттарының бар екенін көрсетті», – деді спикер.

Қабылданып жатқан шаралармен қатар Оқу-ағарту министрлігі балалар SIM-картасын енгізуге бастамашылық жасады. Балалар SIM карталарының бірқатар артықшылығы бар. Мәселен, ата-ана бақылауы арқылы баланың телефонды қалай қолданатынын бақылауға болады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қажетсіз контенттен қорғауға арналған енгізілген сүзгілер бар. Геолокация арқасында мобильді қосымша арқылы баланың қай жерде екенін көру мүмкіндігі беріледі.

«Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, балалар SIM-карталарын пайдалану байланыс операторларының белсенді қолдауымен және цифрлық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бастамалармен сүйемелденеді. Ата-аналар балалардың қауіпсіздігін бақылау және қамтамасыз ету үшін жоғары технологияларды пайдалана алады, ал операторлар өз ұсыныстарын отбасының қажеттіліктеріне бейімдейді. Бүгінгі таңда Қазақстанда операторлар балалардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқын бақылауды қамтамасыз етпей, тек білім беру ресурстарына қолжетімділік шеңберінде ғана балаларға арналған арнайы тарифтерді ұсынады», – деді вице-министр.

Қазіргі уақытта балалардың интернеттегі қауіпсіздік шараларын күшейту үшін «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс басталды. Осылайша, мемлекет қабылдаған шаралар балалардың өсуі мен дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға, оларды қорғауды, қолдауды және толыққанды оқыту мен әлеуметтену үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуге бағытталған.

# ОНЛАЙН САУДАДА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

ҚР СИМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тыныcбеков ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында Мәжілісте «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның жаңа редакциясының жобасы қаралып жатқанын айтты. Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, азаматтардың өтініштерін талдау және мониторинг жүргізу, қоғамдық институттардың ұсыныстары және әлеуметтік зерттеу деректерінің нәтижелерін ескере отырып әзірленді. 2024 жылғы 4 қыркүйекте Парламент Мәжілісінің депутаттары заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

Құжат тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қоғамдық институттарының рөлін күшейтуге, оның ішінде, осы салада Омбудсмен институтын енгізу арқылы; кәсіпкердің азаматтық құқықтық жауапкершілігін айыппұл түрінде енгізуге бағытталған. Сонымен қатар билеттер бойынша қайтарылмайтын тарифтер Заңнан алынып тасталды.

«Жаңа заң жобасында онлайн саудада тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін бөлек электрондық сауда бөлімі енгізіледі», - деді спикер.

Бетті жинақтап дайындаған Аружан МАТТАЙ.

# ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН SMART DARYN ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

2025 жылдың сәуір айынан бастап «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы дарынды оқушылар мен педагогтерді қолдау мақсатында SMART Daryn ұлттық цифрлық платформасын іске қосады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Бұл цифрлық жоба республикалық және халықаралық сайыстарға оқушыларды дайындаудың маңызды құралына айналып, онлайн-білім алу мен тәжірибелі тренерлермен кеңесу мүмкіндігін ұсынып, оқушыларға білімдерін жетілдіруге және интеллектуалдық байқауларға дайындықтарын арттыруға көмектеседі.



Бірінші кезеңде прокторинг жүйесін қолданып онлайн-олимпиадалар мен конкурстар өткізу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта онлайн-сабақтар ұйымдастырылады.

«Платформа дарынды оқушылардың дамуына және педагогтердің біліктілігін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашып, оқу процесіне заманауи білім беру технологияларын енгізуге ықпал етеді. Біз SMART Daryn жобасы дарынды оқушылар үшін сапалы білім алуды айтарлықтай жеңілдетіп, білім беру жүйесінің барлық қатысушылары арасында тиімді өзара әрекеттестік орнататынына сенімдіміз», — дейді «Дарын» РҒПО директоры Ғаждембек Тұрсынов.

Сонымен қатар платформада дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарына түсу үшін емтихандар өткізу жоспарланған. Қазіргі таңда Қазақстанда 130-дан астам мамандандырылған мектеп бар. Сондай-ақ SMART Daryn педагогтер үшін әдістемелік материалдар мен кеңестерден тұратын онлайн-кітапхана ұсынатын болады.

# АСТАНАДА 8-10 СӘУІРДЕ GROW EXPO ASTANA 2025 ӨТЕДІ

Grow Expo Astana 2025 өсімдіктерді өсіруге арналған жабдықтар мен технологиялардың халықаралық көрмесі 2025 жылғы 8-10 сәуір аралығында «EXPO» халықаралық көрме орталығында өтеді.

Grow Expo Astana 2025 негізгі алаңға айналады, онда өсімдіктерді өсіруге арналған технологиялар мен жабдықтарды өндірушілер мен жеткізушілер жылыжай иелері мен агрономдарға процестердің тиімділігін арттыруға, саланың өзекті мәселелерін талқылауға және саланы одан әрі дамыту үшін құнды тәжірибемен алмасуға мүмкіндік беретін өздерінің инновациялық шешімдерін ұсынады.

Қазақстандық және халықаралық компаниялар мынадай тақырыптық бөлімдер шеңберінде озық әзірлемелер мен технологияларды көрсетеді: Жылыжайларда өсімдіктерді өсіруге арналған конструкциялар мен технологиялар: жылыжайларға арналған қазіргі заманғы конструкциялар, өсімдіктерді өсіру техникасы мен технологиялары, ілеспе жабдықтар мен шығыс материалдары.

Өсімдіктерді өсіру процестерін автоматтандыру: жылыжайларда өсімдіктерді өсіруге арналған роботтандырылған жүйелер мен желілер, климатты реттеу және жылыту жүйелері, өсімдіктердің өсуіне арналған жарықтандыру жүйелері, автоматты және тамшылатып суару жүйелері.

Өсімдіктерді қорғауға және қоректендіруге арналған материалдар мен жабдықтар: тыңайтқыштар мен топырақ, жабын материалдары, өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғауға арналған заттар, кассеталар, өсімдіктерге арналған науалар мен контейнерлер.

Көрме Flora Expo Astana 2025 Халықаралық гүл өсіру және көгалдандыру көрмесімен бір мезгілде өтеді.

Екі көрмеге Нидерланды, Италия, Қазақстан, Оңтүстік Корея, Жапония, Колумбия, Беларусь, Кения, Қытай, Ресей, Польша, Эквадор, Түркия және т.б. 15 елден 150-ден астам компания қатысады.

Көрмелер тарихында алғаш рет Нидерландының ірі павильоны таныстырылады, оған 40-тан астам компания қатысады, олар көрмеге келушілерге өсімдік шаруашылығы саласындағы озық жетістіктерді көрсетеді.

Grow Expo Astana 2025 жылыжай иелері мен басқарушыларына, агрономдарға, фермерлерге, ауыл шаруашылығы компанияларының өкілдеріне, климаттық бақылау, суару және жарықтандыру жүйелері жөніндегі мамандарға, аграрлық өнім





дистрибьюторларына, инвесторларға, кәсіпкерлерге, салалық зерттеушілерге, БАҚ өкілдеріне және бейінді жоғары оқу орындарының студенттеріне бару үшін ұсынылады.

Көрмеге келушілер жетекші өндірушілер мен жеткізушілердің жаңалықтарымен таныса алады, өсімдік өсіру саласындағы компаниялар арасында жаңа іскерлік әріптестер таба алады, әлеуетті клиенттермен, серіктестермен және әріптестермен кездесіп, кәсіби құзыреттерін арттырып, іскерлік бағдарлама іс-шараларында тәжірибе алмаса алады.

Көрмені іскерлік бағдарлама толықтырады, онда жылыжай саласын дамытудың инновацияларды енгізу, экспорттық тәуекелдер, импортты реттеу, орнықты ауыл шаруашылығын қолдау шаралары және т.б. негізгі мәселелері талқыланады.

Нидерландының жетекші компаниялары өздерінің инновацияларын мен әзірлемелерін ұсынатын Netherlands Day II форумы маңызды оқиға болады. Форум аясында жылыжай секторы мәселелері бойынша семинар және қазақстандық және нидерландық спикерлердің қатысуымен дөңгелек үстел жоспарланған. Спикерлер ынтымақтастық перспективалары мен жылыжай саласының алдында тұрған өзекті мәселелерді талқылайды.

Көрменің іскерлік бағдарламасы аясында негізгі оқиға - Astana Greenhouse Forum өтеді, саланың негізгі мәселелерін талқылау үшін жылыжай бизнесі мен мемлекеттік органдардың өкілдерін біріктіреді.

Форум аясында экспорттық тәуекелдер, қызанақ импортын реттеу, газ және электр энергиясына тарифтерді оңтайландыру, сондай-ақ қызанақтың тұрақты сұрыптарын қолдау шаралары сияқты маңызды тақырыптарды қарастыру жоспарлануда. Панельдік пікірталастар мен талқылаулар қатысушыларға тәжірибе алмасуға және жылыжай бизнесін ныгайту үшін практикалық шешімдер табуға мүмкіндік береді.

Grow Expo Astana 2025 көрмесіне онлайн-тіркеу кезінде GEAMINAGRI промокодын енгізу арқылы тегін алуға болатын бейдж/QR-кодты көрсеткен кезде ғана кіруге болады.

Көрменің ресми сайты - grow-expo.kz.Келушілерді тіркеу сілтемесі бойынша қол жетімді.

Бетті жинақтап, дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.

# 2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНША VIP-НӨМІР САТЫП АЛҒАН?

**Қазақстанда автокөлік нөмірлерінде қолдануға болмайтын әріптік комбинациялардың қатаң тізімі бар. Tengri Auto тыйым салынған мемлекеттік нөмірлер тізімі өзгерді ме және былтыр қанша қазақстандық осындай нөмірлерді сатып алды деген сұраққа жауап іздеді.**

**ІІМ баспасөз қызметі мәліметінше, қазіргі уақытта елде мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері (МТНБ) үшін тыйым салынған 106 әріптік комбинация бар.**

**Бұл тізімге келесі комбинациялар кіреді: AAM, BOK, CEX, FBP, HER, KAL, KOT, MAL, SOR, SOP, SOS, SEX, USA, XER, XYE, ZEK, GEY, GEI, GAY, JID, GON, GAD, CON, QUM, GOD, EBI, EPT, IIM, GOS, IIN, QAS, OON, XUI, QR, HUY, ISK, HYI, QYS, XUY, JUN, XER, BOQ, QUL, SIK, QAN, SYK, JUT, QOR, QYQ, QOI, TYQ, JOI, JMI, JYN, GAI, IBU, VOR, EBU, BOP, FUK, FAK, FUC, FAC, IOX, IOH, LOX, LOH, COX, KOX, FBR, POX, KNB, MVD, OPG, EBR, AMM, SGL, ASS, HAX, NAX, AM, IB, KZ, PK, QU, KP, UD, WX, TG, NS, CS, PV, AK, WK, JO, AQ, AO, RK, NN, BS, ST, BA, AW, AP, AE, AX.**





**Бұл әріптік комбинациялар жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімсіз, өйткені олардың айтылуы немесе жазылуы сөйлеу мәдениетіне сәйкес келмейді.**

**Сонымен қатар, Қазақстанда "жоғары сұранысқа ие нөмірлер" категориясы бар. Бұл санатқа әдемі әріптік немесе сандық комбинациялары бар нөмірлер жатады. Мұндай нөмірлер көлік иелері арасында үлкен қызығушылық тудырады.**

**Жоғары сұранысқа ие нөмірлердің бағасы 210 330 теңгеден 1 051 650 теңгеге дейін өзгереді. Ең қымбат нөмірлер қатарына мыналар кіреді: 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 бірдей әріптік белгілермен.**

**Жыл сайын осындай нөмірлерге деген қызығушылық артып келеді.**

**Ресми мәліметтер бойынша:**

- **2022 жылы 25 366 МТНБ берілген;**
- **2023 жылы 29 653 МТНБ берілген (16 пайызға өскен);**
- **2024 жылы 44 273 МТНБ беріліп, 2023 жылмен салыстырғанда 49,3 пайызға артқан.**

**Осылайша, екі жыл ішінде VIP-нөмірлер беру көлемі екі есеге жуық өскен.**

**Tengrinews.kz**

# «ДОСТЫҚ - МОЙЫНТЫ» ТЕМІРЖОЛ ЖОБАСЫ БИЫЛ ТОЛЫҚ АЯҚТАЛАДЫ

Қазақстанда наурыз айының соңына дейін «Достық - Бескөл» станциялары арасындағы екінші жолдарда қозғалыс ашылады, деп хабарлайды ҚР Көлік министрлігі.

Аталған бағыт «Достық – Мойынты» жобасының бір бөлігі саналады. Бұған дейін 127 шақырымдық «Балқаш – Мойынты» учаскесінде қозғалыс іске қосылды.

Жалпы ұзындығы 166 шақырымды құрайтын жаңа бағытта қазіргі таңда соңғы құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Учаскенің ашылуы транзиттік тасымалдау әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.



Жалпы ұзындығы 836 шақырымды құрайтын «Достық – Мойынты» теміржол жобасының толық аяқталуы осы жылдың ортасына жоспарланған.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ТЕЗИСТЕР

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын.

Қазір отандық тарих ғылымының және біздің зиялықаулымыздың алдында төл тарихымыз туралы түсінікті жаһандық өркениет парадигмасы тұрғысынан кеңейту міндеті тұр.

Біз Қазақстанды әлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде танытуымыз керек.

Тарихи-мәдени мұрамызды XXI ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет.

Ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту – осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек.

Аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі.

Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Бұл жерде бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр.

2025-2026 жылдардың өзінде Қашаған кенішінде газ өңдеу зауытын, сонымен бірге, «Талдықорған – Үшарал» магистральді газ құбыры мен «Бейнеу–Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу көзделген.

Үкімет Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысына негізделген электр стансасын салуды жоспарлап отыр. Алматыдағы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 жаңғыртылатын болады.

«Кендірлі» демалыс аймағында су тұщытатын зауыт жұмыс істей бастайды. Кәсіпорын Жаңаөзен қаласы тұрғындарын ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етеді.

Қарағандыда және Екібастұзда болат қорытатын зауыттар, Жамбыл облысында минералды тыңайтқыш өндіретін химия кешені пайдалануға беріледі.

Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары ашылады.

«Достық-Мойынты» темір жол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар – Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады.

Ақтауда Каспий теңізінің жағалауындағы контейнер хабы салынып бітеді.

«Қорғас – Шығыс қақпа» ЕЭА аумағында халықаралық әуежай жұмыс істей бастайды. Зайсан, Катонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында да әуежай ашылады.

Каспий теңізінің ұлтанымен талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады, бұл қадам Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасауға мүмкіндік береді.

Еліміздің автокөлік жолдары желісін дамыту жұмысының мән-маңызы өте зор. Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алынатыны туралы жариялағым келеді.

Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым. Жаңа күре жол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады. Бұл – тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба.

Бұдан бөлек, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіріп, жаңа аэровокзал салған жөн. Бұл жоба ішкі көлік қатынастарын едәуір жақсартады.

Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жоба іске қосылып отырады.

Біздің мемлекетімізге ірі инфрақұрылымдық жобалар өте қажет. Ауқымды жобалар аймақтардың экономикалық мүмкіндігін арттырады.

Amanat партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынып отыр. Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды тапсырамын.

Биыл автокөліктерге арналған 9 кеден бекетін жаңғырту жұмыстарын аяқтау керек. Соның нәтижесінде, мұндай бекеттердің өткізу мүмкіндігі 6 есе артады. Бұл жоба еліміздің транзиттік әлеуетін нығайтуға едәуір үлес қосады.

Аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажет. Орталықтың күшжігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру керек. Сол үшін қазір Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр.

Былтырғы тасқыннан орталық та, жергілікті билік те тиісті қорытынды жасады деген тиісті ақпаратты алып жатырмын. Жаз шыққан соң өрт қаупі күшейеді. Табиғат апаттарының алдын алу, сақтану шаралары үнемі назарда болуы керек.

Мен жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектіні барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударамын.

Жасанды интеллектіні қолдану бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін барынша арттыруға, салық және кеден ісін жүргізудің сапасын жақсартуға, мемлекеттік сатып алу саласын оңтайландыруға, сондай-ақ азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл үрдістерінің бәрін одан әрі жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Цифрлық активтердің заңды айналымын қамтамасыз ету, криптоайырбастау қызметін жүргізу және цифрлық майнингке инвестиция тарту үшін осы салаға реттеу ісін ырықтандыруда шұғыл шаралар қабылдау қажет.

Ғалымдардың пікірінше, тиісті тәжірибесі мен дәстүрі бар Курчатов қаласы екінші ғылым қалашығы бола алады.

Туризм – бизнес пен экономиканың тұтас саласы. Мамандарды даярлау қажет.

Біз Балқаш көлінің айналасында Тұран жолбарысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік. Бұл – шаруашылық қызметке байланысты шешуге тура келетін көптеген мәселемен қатар жүретін күрделі міндет.

«Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет.

Биыл елімізде 500 мың оқушыға арналған екі жүзден астам мектеп салынады.

Мына жайтты қаперде ұстаған жөн: барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп салу міндетті емес. Сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары.

Жуырда Талдықорғанға бардым. Ондағы қазақ мектебі қарапайым болса да тартымды. Осындай мектептерді барлық жерде салу керек. Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті де шамалы.

Үш жылда 1300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғырту қажет.

Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынады.

Риддерде көпбейінді ауруханаы, Өскеменде гематология орталығын, Ақтауда жедел жәрдем стансасын, Алматыда Жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығын, Астанада Ұлттық ғылыми онкология орталығының жаңа ғимаратын пайдалануға беру қажет.

2026 жылы 32 аудандық орталық ауруханаы жаңғырту, сондай-ақ Қызылорда және Маңғыстау облыстарындағы ауруханаларды салып бітіру керек.

Соңғы екі жылда бірқатар қалада (Семей, Тараз, Кентау, Орал) ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтары бой көтерді. 2026 жылдың аяғына дейін Ақтөбеде, Атырауда, Көкшетауда, Шымкентте және Талдықорғанда дәл осындай орталықтар ашу қажет.

Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе.

Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс әкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуы керек.

Облыстың орасан зор туристік әлеуеті Шучинск-Бурабай аумағымен ғана шектелмейді. Демалыс аймағы ретінде мүмкіндігі мол Зеренді, Сандықтау, Ақкөл және басқа да жерлерді жан-жақты дамыту қажет. Аймақтағы көрікті әрі киелі орындардың бәрі өзара кірістіріліп, үйлестірілген ауқымды туристік кластер қалыптастыру маңызды.

Спорттың түрлі саласынан, әсіресе, қысқы спорттан ұлттық құрамаларды даярлау үшін өңірдегі спорт базаларын дамыта беру керек.

Елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек деп санаймын. Демеушілер қаржысы есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн. Бұл мәселені бақылауда ұстаймын.

Биыл Көкшетауда көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы басталады. Бұл Қазақстанда теңдесі жоқ орталық болмақ.

Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпе-реніштерден, өткенге құр мақтанудан және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойған жөн. Өйткені бұл дүние ақ пен қарадан ғана тұрмайды.

Кез келген мәселеде өзгелерді айыптап, қара бұлтты төндіре беруге болмайды. Жаһанды белгісіздік жайлаған бұлыңғыр заманда бәсекеге барынша қабілетті болу үшін барлық жағынан кемел ұлт болуымыз қажет.

Біз білім-ғылым, медицина, спорт, креативті индустрия салаларына қомақты қаржы бөлуді жалғастыра береміз.

Енді бөтен адамның электронды цифрлы қолтаңбасын (ЭЦҚ) қолданғаны үшін айыппұл түріндегі әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Есеп беру кезінде заң бұзбас үшін не істеу керек? Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі түсіндірді.

**Ақорда**

# МӘЖБҮРЛІ ОРЫНДАУҒА ЖЕТКІЗБЕЙ ОРЫНДАУ ТИІМДІ

Азаматтардың құқықтарын қорғау бағытындағы конституциялық кепілдіктің маңызды құралы - сот актілерінің орындалуымен тікелей байланысты. «100 нақты қадам» ұлт жоспарындағы түбегейлі реформалар аясындағы 27-і қадам жеке сот орындаушылары институтын одан әрі дамыту және сот орындаушыларының мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқартуды қарастырған болатын. Атап айтқанда, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке сот орындаушыларының құзыретіне мемлекеттен өндіріп алу, одан әрі мемлекет пайдасына 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын соманы өндіріп алу туралы құжаттарды, мемлекет мүддесінде жүргізілетін үйден шығару, бұзу, жер учаскелерін алып қою туралы құжаттарды қоспағанда, атқарушылық құжаттардың барлық санаттары берілді. Қазіргі уақытта сотпен салынған айып-пұлдар, мемлекеттік баждар, процестік шығындар , жәбірленушілердің өтемақы қорына төленетін қаражатты уәкілетті органдар тарабынан түзілген қаулыларының, салық бұйрықтарының үлесі соңғы кезде көбеюде. Бұл көрсеткіш, азаматтарымыздың заң алдындағы жауапкершілігі әлі де тиісті деңгейде емес екендігін айқындайды. Жүргізушілер тарабынан жол ережесін сақтамаған, автокөліктерін белгіленген жылдамдықтан асыра басқарып жүрген, көлік, мүлік салықтарын уақытылы төлемегендер саны аз емес. Қазіргі уақытта жалпы қабылданған ережелерді бұзу материалдық шығындарға алып келетінін әрдайым есте сақтау қажет. Уақытылы орындалмаған атқару құжаттары, ерікті орындау мерзімі өткен соң жеке сот орындаушыларына мәжбүрлі орындауға тапсырылатынын білу қажет. Мәжбүрлі орындауға түскен құжаттар бойынша, жеке сот орындаушысы тарапынан барлық мәжбүрлеу шаралары жасалынады. Бұл шараларға 2-ші деңгейлік банктердегі есеп-шоттарға салынатын тыйымдар, нотариалдық іс-әрекетке қойылатын шектеу, жылжымалы және жылжитын мүлігіне қойылатын тыйымдар, ал берешегі 40 айлық есептік көрсеткіштен асатын болса (бұл қаражат 2025 жылы 157 280 теңгені құрайды), Қазақстан Республикасынан шығуына шектеу қоюға да негіз бола алатынын білген жөн. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 114 бабына, 118 бына сай атқару құжаттары бойынша жасалған шығындар да, жеке сот орындаушысының қызмет ақысы да бірге борышкерден өндірілетінін айта кету керек. Жоғарыда айтылғанның негізінде, сот актілерін және барлық уәкілетті органдардың жазған атқару құжаттары бойынша міндеттемелерді уақытылы және тиісті түрде, мәжбүрлі орындауға жеткізбей орындау тиімді екендігін, артық шығындарға алып келмейтіндігін білу қажет. Заң нормаларын бұзбай, жалпы қалыптасқан қоғамдық ережелерді сақтамау міндетті түрде жауапкершілікке алып келетінін ұмытпағанымыз дұрыс болады.

**А.З .ДӘУЛЕТИЯР,**
*Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы.*

**Салтанат ТОЙБОЛОВА,**

*«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, «Айғақ» телеарнасының редакторы.*

# «ТАРИХ-И РАШИДИ» - ОРТА АЗИЯ МҰРАСЫ

«Тарих-и Рашиди» - XIV – XVI ғасырлардағы моғолдардың ғана емес, Орта Азия халықтарының тарихын тұтастай жеткізетін еңбек. Бұл туралы XIX ғасырда парсы тіліндегі Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбегін ағылшын тіліне аударған Британ ғалымдары жазады. Қазақстан тарихшылары тарихи жәдігерді 2003 жылы ғалым Ислам Жеменейдің аударуымен толыққанды таныса, оған дейін академик Әлкей Марғұлан «Мұхаммед Хайдар Дулати – қазақтың тұңғыш тарихын жазған тарихшы» деп баға берген. Бұл ғылыми зерттеу мақалада ағылшын ғалымдарының өз заманының қолбасшысы болған Мұхаммед Хайдар Дулатидың көшбасшылық қасиеттері мен еңбегі туралы ой-толғамдары кеңінен жазылды. АҚШ-тың Лос-Анджелес қаласындағы орталық кітапханасында сақталған сирек мұрағаттың негізінде осыған дейін жарияланбаған ақпараттарға талдау жасалынды.

Британ ғалымдары сонау 1840 жылдары асқан қызығушылықпен зерттеу нысанасына алған «The History of Moghuls of Central Asia» - Орта Азияның XIV – XVI ғасырлардағы тарихын жеткізетін Мұхаммед Хайдар Дулатидің біз білетін «Тарих-и Рашидиі». Қазақ тіліне түпнұсқаны ғалым Ислам Жеменей аударған. Осылайша құнды жәдігер қазақ аудиториясына 2003 жылы жетті. Ал еуропалықтар ағылшын тіліне аударылған бұл еңбекпен XIX ғасырдың орта шенінде танысып үлгереді. 1840 жылы В.Эрксиннің аудармасында ағылшын аудиториясында таныстырылады. Ол 221 беттен тұратын аударма ретінде Британ музейінде ғана басылып шыққан. Бірақ жеке кітап ретінде басылымға берілмеген. Одан кейін көптеген Орта Азияның мәдениеті мен тарихын зерттеуші ғалымдар «Тарих-и Рашидиде» жазылған географиялық атауларды кеңінен пайдаланып, ғылыми басылымдарда мақалаларын жариялап отырған. Бұл туралы британдық зерттеуші, географ, дипломат Ней Элиас өз естелігінде жазады. Жалпы қазақ тарихының құрылуы, сондай-ақ Орта Азияда өмір сүрген мемлекеттер туралы мәлімет беретін аса құнды еңбекке деген Н.Элиастың қызығушылығы әр жылдары жарияланған зерттеушілердің ақпараттарынан кейін назар салады. Аудармадағы жауапкершілігі мол істе шығыс әдебиетін, мәдениетін, тарихын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне көптеп жүгінген. Ол Еуропа оқырманына Мырза Хайдар есімімен таныстырған тарихшы, қолбасшы Дулатиды еңбекті асқан ұқыптылықпен және тарихи оқиғаларды шеберлікпен жеткізгендігін алға тартады. Тіпті «Тарих-и Рашидиді» Орта Азия мемлекеттерінің сол кезеңдегі атаулары дәлме-дәл сақталған және қолбасшылар мен би-қағандардың ел басқару ісіндегі оқиғаларын ұқыптылықпен баяндап, сол кезеңдегі жойылып кеткен мемлекеттердің тарихын бірден бір көркем нақты жеткізе білген жазушы, тарихшы деп таниды.

Профессор Эрксиннан кейін ағылшын зерттеушілері Д.Бэлью мен Б.Шоу Шығыс Түркістанға жасаған сапарларында ғылыми тұжырымдамалар жасап, еңбектің үзінділерін өз баяндамаларында пайдаланған. Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбегін «Интелектуалды адамның шығармасы» ретінде өз жазбаларында сілтеме береді. Сондай-ақ шығарманың Шығыс Түркістан мен оған іргелес аймақтарға «бағыттаушы» ретіндегі құндылығын ынтамен таңдандырады.

«Тарих-и-Рашидидің» тағы бір қысқа бөлімін Эллиоттың Үндістан тарихынан табуға болады, оны өз авторлары баяндаған, Азия жазушыларының үзінділерінен (әр түрлі аудармашылар бойынша) тұратын шығарманы олар Үндістан тарихына қатысты болған жағдайда ғана кездестіруге болады. Бірақ бұл толық көлемде берілмеген.




Осылайша Мұхаммед Хайдар Дулати туралы бұған дейінгі ғалымдардың жазбаларымен етене танысқан британдық зерттеуші, географ, дипломат Ней Элиас (1844-1897) «Тарих-и Рашидиді» ағылшын тіліне аудару ісіне кірі седі. Еңбекті аудару ісі 7 ай уақытты алған. Орта Азия мемлекеттерінің тарихын зерттеуші ағылшын ғалымына Дулатидың еңбегін түпнұсқадан өзгеріссіз оқырманына жеткізу ісін мақсат қойған ол жер-су атауларын жазу барысында қиындықтарға тап болғанын айтады. Дегенмен Париждегі тілдер мектебінде үздік оқыған сол кездегі парсы тілінің маманы, профессор Росстың көмегіне жүгініп, Ортаз Азия халықтарының тарихы туралы құнды шығарманы бірлесе аударады. Эдуард Дениссон Росс 49 тілде оқи алған және 30 тілде еркін сөйлей білген. Лондон университетінің Шығыс тілдерін зерттеу мектебін басқарған мультилингвист. Таяу Шығыс пен Орталық және Батыс Азия мемлекеттері тілдерінің маманы болған.

Міне Орта Азияда XIV-XVII ғасырларда өмір сүрген мемлекеттердің тарихын бүкпесіз баяндайтын «Тарих-и Рашиди» еңбегін ағылшындар XIX ғасырдың орта шенінде зерттеп, оған үлкен баға берген. Орта ғасырларда жазылған тарихи еңбектердің ішіндегі шоқтығы биік туынды деп бағалайды. Өйткені дәл сол кезеңде аты аталған тарихи қалалалардың бүгінде үлкен орны бар. Орта Азия халықтары үшін бұл баға жетпес құндылық дей келе, шапқыншылық дәуірі дендеп тұрған сол кезеңде құнды жәдігерді бүгінгі оқырманына жеткізе білген Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазу шеберлігіне аса таңданыспен қарайды. Шығарманы жай ғана түпнұсқасы жазылған парсы тілінен ағылшын тіліне аударып қоймай, әрбір детальдің тура мағынасында сақталуына аса мән беріп, оқушының алғашқы еңбекті алғандағы жазушының ішкі дүниесін жеткізуді мақсат тұтқандығын айтады.

Парсы тіліндегі түпнұсқа 2 кітаптан тұрады. 1-ші кітап 1321 жыл мен 1547 жылдар аралығын қамтиды. Қысқаша эпитом. 70 тараудан тұрады. Екінші кітапта 1484 жылды қайта сипаттай келіп, 1546 жылдағы тарихи оқиғалар туралы кеңінен тоқталады. Дәл осы кітапта автордың өмірі мен бастан өткізген оқиғалары туралы жазылады. Бұл кітап 117 тараудан тұрады. Мұхаммед Хайдар Дулати 1499 жылы Ташкент өлкесінде дүниеге келіп, 1551 жылы Үндістанның Кашмир өлкесінде қайтыс болады. Қабірі Сринагар қаласында. «Зафар-намадан» алынған үзінділерді Мұхаммед Хайдар Дулати кіші әріптермен жазса, өзі жазған тарихи оқиғалар үлкен әріптермен пайдаланылады. Міне, еңбектегі ерекшелік те осы. Бұл туралы Нэй Элиас өзінің алғысөзінде айрықша мән беріп кеткен. «Моғолдар тарихы» атауымен жарық көрген «Тарих-и Рашидидің» ағылшын тіліндегі алғашқы аудармасы 1895 жылы Ұлыбританияда басылып шыққан. Екінші басылым 1898 жылы қайталанса, құнды жәдігер Лондонда 1972 жылы қайта басылып шығады. Осы жылы жарияланған сирек кітаптар басылымының 1 данасы Лос-Анджелестегі орталық кітапханада сақтаулы. Кітапта Түркістан, Тибет, Кашмир аумақтарының картасы да қоса берілген.

